

Бекітемін:  
№1 «Күншуақ» бөбекжай балабақша  
менгерушісі: Барықова, Г. Ж.



## ПЕДАГОГТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Хромтау қаласы  
2025-2026 оқу жылы

№	Бағыты	Тақырыбы	Күні	Кіммен жүргізіледі
1	Консультация	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Қыркүйек	Педагогтар
2	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Мен өмірді сүйемін»	Қазан	Педагогтар
3	Психодиагностика	«Сіз туған айыңыз сіз туралы не айтады?»	Қараша	Педагогтар
4	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті!»	желтоқсан	Педагогтар
5	Психодиагностика	«Бойыңыз қандай?» Психологиялық тест	Қаңтар	Педагогтар
6	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Мейірімді болса жүрек-орындар тілек»	Ақпан	Педагогтар
7	Консультация	«Баланың тілі қалай дамиды»	Наурыз	Педагогтар
8	Психодиагностика	«Сіз кімсіз?» (тест)	Сәуір	Педагогтар
9	Психологиялық-педагогикалық ағарту	«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»	Мамыр	Педагогтар

«Баланың балабақшаға бейімделуі»

(педагогтармен жұмыс)

2025-2026 оқу жылы

Хромтау қаласы

**Баланың балабақшаға бейімделуі**  
**БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ КЕЗІНДЕ АТА-АНАЛАРҒА**  
**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қызмет құру қажеттілігі басқа түскен қиындықтарды шешуге қабілеттілігінен байқалады.

Баланы балабақшаға беру немесе бермеу жағдайы жанұяның барлық мүшелерінің эмоциялық күйіне, жанұяның маңызды мәселелеріне байланысты. Қазіргі уақытта көпшілік ата-ананы “Бала үшін балабақша қажет пе?” – деген сұрақ толғандырады. «Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленген бала мектепке тез бейімделеді, әлеуметтік қатынасқа жақсы түседі, құрдастарымен қарым-қатынаста тәжірибе жинақтайды» – деген түсінік қалыптасқан.

Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психо-физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым-қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегі қатысу шарттарына байланысты. Анасынан және жанұядан тыс жерде ересектер және өзге балалармен жаңа қарым-қатынас орнату бала үшін қиындық тудырады. Әр бала жаңа жағдайға әртүрлі бейімделеді. Мысалы, 2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс, өйткені анасымен күштарлық сезімі тығыз, анасының жоқ болғаны баланың қарқынды қарсылығын толғатады, әсіресе бала сезімтал болса. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

**Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:**

- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен;
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы: қызылша, орамжапырақ, картоп;
- Балабақшаға келген алғашқы күндері 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.
- Жеңіл түрі – баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді;
- Орташа ауырлық бейімделу -1 айдың ішінде;
- Ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін. Бала үшін өзінің отбасында өзін ұстау ережелері қалыптасып қалған. Балабақшаға келген күннен бастап үйреншікті өмір сүру ортасы өзгереді.

Бұл неден көрініс табады?

- Баланың эмоционалды жағдайы, ұйқысы, тәбеті нашарлайды;
- дене қызуы көтерілуі мүмкін;
- бала бойында қалыптасып қалған жақсы қасиеттерінің жоғалуы мүмкін;

– иммунитеттің төмендеуі, салмағының азаюы мүмкін. Бала ортаға бейімделгеннен кейін эмоционалды жағдайы қалпына келеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

### **Психологтің кеңесі:**

- Баланы балабақшаға апармас бұрын, оның өзге балалармен көбірек араласуына мән беріңіз. Балалар саябағына, ойын алаңдарына жиі ертіп барып тұрғаныңыз абзал. Құмда ойнауға, әткеншекте ұшуға үйретіңіз;

– Балаңыз баратын топтың тәрбиешісімен алдын ала танысып алыңыз. Баланың бойындағы жеке ерекшеліктерінен хабардар етіңіз;

– Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз;

– Баланың үйдегі жағдайда өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, дәретке сұрану т.б;

– Баланы ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын.

– Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет. Балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп, балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.

– Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс: тәрбиешімен танысып, жаңа достар табу үшін.

Бейімделу кезінде үйде демалыс күндері баламен көп шұғылдану керек. Балабақшаға бала тек ауырмай келуі қажет.

Психолог баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында бақылауға алады. Балабақшада баланың өзін еркін сезінуіне қажетті машықтарынан басқа, оның ұжымға араласуға психологиялық дайындығы да аса маңызды. Баланың көңілін ашық, жылтыр заттар өзіне аударады. Мысалы: сабын көпіршіктері, шарлар. Тәрбиешілер баланың назарын топтағы ойыншықтарға аудару қажет. Саусаққа киетін ойыншықтарды алып баламен сөйлесу, доппен ойын ұйымдастырып, жаңадан келген балаларды шақыру керек. Эмоция балалардың өмірінде маңызды роль атқарады. Олар шындықты ұғындыруға және дұрыс қарым-қатынас құруға көмектеседі. Сезім бет-әлпетімізде, іс-әрекетте, ым-ишарадан көрініп тұрады. Тәрбиешілер мен психологтардың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты – баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіп баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы

ізгі-ниет, ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады. Баланың қабілеттерін ашуда, дамуында, бойындағы икемділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуда психологиялық көмектің маңызы зор.

Баланың балабақшаға бейімделуі оның жағдайы мен көңіл-күйінің тұрақтануы болып табылады. Балалар жаңа ережелерге, бір-бірімен сыйластыққа үйренеді. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ықыласы бар екенін түсінуі тиіс. Балабақшаға бейімделу мәселесі мерекеден, демалыстан және жанұяның ішкі жағдайлары өзгергенде (сәби дүниеге келгенде, анасы іс-сапарға кеткенде және т.б жағдайларда) қайта жалғасуы мүмкін. Балабақшада қалу уақытын азайтып, апта арасында үзіліс ұйымдастырумен шешуге болады. Балабақша туралы баламен әңгімелескенде, онда көп нәрсе үйренуге, баланың және тәрбиешісімен достасуға болатындығын айту қажет. Ата-ананың сенімділігі, жайлылығы балаға сенімділік берері сөзсіз. Үйдің жайлы және әдеттенген атмосферасынан ажырап, ол балабақшадан қажеттігін тауып, тәрбиешілермен балалармен жақсы қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Туындаған мәселелер бірдей болуы мүмкін, бірақ әр ата-анада одан шығу жолдары әртүрлі.

Егер де балаңыз жоғарыда айтылған машықтардың бәріне әдеттенген болса онда ол балабақшаға баруға толығымен дайын. Дегенмен де, баланы балабақшаға дайындауға көбірек уақыт бөлсеңіз, оның жаңа өмірге бейімделуі оңай болмақ.

«Бойыңыз қандай?»

Психологиялық тест

(педагогтармен жұмыс)

2025-2026 оқу жылы

Хромтау қаласы

### **Бойыңыз қандай? (психологиялық тест) .**

Бүгінгі кезекте адамның бойы неше сантиметр екеніне қарап, болмысын танытатын тест ұсынамыз, байқап көріңіз.

140-150 см Ақылды әрі ойшыл. Сіздің идеяларыңыз бен ойларыңыз бәрінен маңызды. Өз теорияларыңызды ойлап тауып, оңашада ойлануды жақсы көресіз. Интровертсіз. Ізденгенді, ойланғанды ұнататын адамдармен жақсы қарым қатынаста боласыз. Үстіртін жүріс сізге сай емес. Өмірге деген көзқарасыңызды қалыптастыруға көп уақыт жұмсайсыз. Жарты әлем сізге қарсы тұрса да, өз дұрыс деп тапқаныңызды істеуге тырысасыз.

150-160 см Философ әрі көреген. Сіз басқаларға ұқсамайсыз. Түйсігіңіз өте жақсы дамыған, өмірде сенген ғажайыптарыңыз да орындалып жатады. Көпшілігі сізді дұрыс түсінбей жатады, бұл жаныңызды жаралайды. Сізге жеке кеңістік керек. Шығармашылығыңыз ары қарай дамытуды және оған өзгелер құрметпен қарауын талап етеді. Өмірдің ағын да, қарасын да айқын көресіз. Эмоцияңыз да басым.

160-170 см Шыншыл да тартымды. Сіз басқаларға қамқор болуды жақсы көресіз әрі жауапкершілігіңіз жоғары. Адал еңбекке сенесіз, өз мойныңызға жүктелген міндеттерді оңай алып шығасыз. Мінезіңіз жайлы. Адамдар сізге зор сеніммен қарайды. Ақжарқын, тапқыр, шапшаң жан деп сізді айтамыз.

Сіз диммидентсіз. Сөйлегенде кез келген ортаны үйіріп әкетесіз.

170-180 см Сенімді әрі үстем жансыз. Адамдармен тез тіл табысып кетесіз. Достарыңыз да көп, олардың өміріне мән қосып жүруді ұнатасыз. Аураңыз жарқын да жылы. Сіздің жаныңызда кез келген жан өзін жайлы сезінеді. Әр күн сайын кешегіден жақсырақ бола түсуді ойлайсыз. Қызықты, зерек, бірегей болғыңыз келеді. Сізге махаббат көбірек керек. Өзіңізді ұнатпайтын жанды да сүйеге барсыз.

190-нан жоғары Бақытты да байыпты жан. Сергек, түсінігі мол адамсыз. Біреудің сөзін еш бөлместен, қарсы сөйлеместен, мұқият тыңдайсыз. Өмірде әр адамның жеке соқпағы болуы керек деп санайсыз. Болып жатқан жағдайлар мен адамның тосын мінездерін жеңіл қабылдайсыз. Көп нәрсеге алаңдамайсыз, стресстен тез өтесіз. Босаңсыған жан деуге де болады. Өз жолыңыздан таймай-ақ үнемі уақытты жақсы өткізесіз.

«Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті»  
(педагогтармен жұмыс)

2025-2026 оқу жылы

Хромтау қаласы

## Ұстаздарға арналған тренинг. Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті

Ұстаздарға арналған тренинг

Тақырыбы: Көңілі көтеріңкі ұстаздың, еңбегі де жемісті

Мақсаты: Мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым - қатынас орната білу.

Тренинг сабақ құрылымы:

1. Танысу
2. Әдістеме «Менің мінезім»
3. «Мен - үйде» және «Мен - жұмыста» жаттығуы
4. «Тиімді қарым - қатынас орнату» жаттығуы
5. «Ыстық картоп» жаттығуы
6. Релаксациялық жаттығу «Сарқырама»
7. Қорытынды «Күн шуағы» жаттығуы

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі өткізілетін психологиялық тренингке қош келіпсіздер! Бүгін сіздердің психикалық көңіл - күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз - өзіңізге құрметпен қарауға, бір - бірімізбен сыйластық қарым - қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Топтағы қағида:

1. Белсенділікті арттыру
2. Бірігіп жұмыс істеу
3. Бір - біріне кедергі келтірмеу
4. Өз ойыңды ашық айта білуге үйрену
5. Өзіңе пайдалы нәрсені алу
6. Әріптестермен жақсы қарым - қатынаста болу
7. Өзін еркін ұстауға үйрену

1. «Таныс болайық!» жаттығуы

Мақсаты: Өзін таныстыру, ұжымға бейімделу, айналасындағылармен бірлесіп жұмыс жасауға оң бағытталу.

2. Әдістеме: «Менің мінезім»

Мақсаты: Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі.

Әр бөлікке төмендегі жануар, аң, құс аттарын жазып шығады.

Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Маймыл, Қоян, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық.

Соңында 1. Үйде, 2. Жұмыста, 3. Жолдастарының арасында, 4. Өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке

қатысты мінездемелермен танысады.

Жауабы:

1. Түйе - шыдамды
2. Жылқы - тектілік
3. Сиыр - өкпелегіш
4. Қой - жайдарлылық
5. Ешкі - ұйымдастырушылық
6. Ит - адалдық
7. Мысық - биөрісі басым адамдар
8. Тауық - шығармашыл
9. Қаз - тазалық
10. Аққу - сезімтал
11. Қарлығаш - бауырмал
12. Үйрек - ұқыптылық
13. Бұлбұл - әнді жақсы көретін
14. Арыстан - қайратты
15. Қасқыр - жігерлі
16. Түлкі - бейімделгіш
17. Маймыл - әртістік қабілеті бар
18. Қоян - елгезек
19. Тауешкі - талғамы жоғары
20. Тасбақа - мейірімді
21. Жылан - салқынқанды
22. Балық - еркіндікті қалайды

Талдау: жаттығудан алған әсеріңіз? Өзіңізді теңеу қиын болды ма?

3. «Мен – үйде» және «Мен – жұмыста» жаттығуы (10 минут)

Қазір сіздер парақты екі бағанға бөліңіздер. Бірінші бағанға «Мен үйде» деп, ал екінші бағанға «Мен жұмыста» деп жазыңыздар. Осы екі бағананы сол жердегі мінез - құлықтарыңыз бен жүріс - тұрыстарыңызды жазыңыздар.

Талқылау:

1. Осы жағдайлардағы мінез - құлықтарыңыз бен жүріс - тұрыстарыңыздың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы қорытынды жасаңыз.
2. Қай бағананы толтырған оңайға соқты? Қай бағана көптеу болды?
3. Не себепті айырмашылықтар болады?
4. Бұл бағанадағы жағдайлар сәйкес келу керек пе? Неге?

4. «Тиімді қарым - қатынас орнату» жаттығуы.

Ортаға 6 мұғалім шақырамын. Сіздерге тапсырмалар беріледі.

Тапсырмаларды үнсіз оқып, вербалдық емес қарым - қатынас құралдарының көмегімен жағдаяттарды ойнап шығуы тиіс. Басқа қатысушылар не жайлы «баяндалып» жатқанын шешулері керек.

«Мен өмірді сүйемін» тренингі  
(педагогтармен жұмыс)

2025-2026 оқу жылы

Хромтау қаласы

# Мен өмірді сүйемін тренингі

«Мен өмірді сүйемін» тренингі

Мақсаты: Тренинг қатысушыларына “Өмірді сүю” және оның мәні туралы түсінік беру. “Мен өмірді сүйемін” сенімін орнату. Адамның өмірі өз қолында екенін түсіндіріп, өмірді сүюге дағдыландыру.

Тренинг барысы:

1. Тренингке қатысушылармен сәлемдесу.
2. «Мен өмірді сүйемін» танысу жаттығуын орындау. Шаттық шеңберін құра отырып, әрбір қатысушы «Мен өмірді сүйемін» деп өзінің аты - жөнін мен мектебін кезектесіп айтып шығады.
3. Сергіту сәтін орындау. Бейнетаспа арқылы мұғалімдерді әдемі әуенге билету.
4. Тренинг қатысушыларына өмір жайлы өлең оқу.

Өмір жайлы сұрай берме сен менен  
Өмірді мен жете зерттеп көрмегем  
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар  
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.  
Өмір жайлы не түсінем мен деген,  
Өмір жайлы сұрай берме сен менен  
Біреу жылап, біреу неге көңілді  
Содан барып сұра сен өмірді  
Сонда ғана түсінесің өмірді.

Өмір қас - қағым сәтте өте шығатын ағынды өзен секілді. Осы өмірдегі адамдар бір - бірінің қадірін біліп, бір - біріне қамқор, қайырымды, мейірімді болуы керек. Өмірдің, жақын адамдардың, достарымыздың, балаларымыздың құндылығын сезінуіміз керек!

5. Әңгімелесу сәті: "Ойланайық, пікірлесейік!" айдары.

Адам баласы не үшін өмір сүреді?

Өмір адамға несімен қымбат?

Сіздің өмірдегі мақсатыңыз қандай?

Өмір мәнін түсінуге ұмтылу қаншалықты қажет?

Сіз өмірді сүйесіз бе? Сұрақтарын мұғалімдерге қойып, пікірлесу.

6. Мұғалімдерге «Қолсыз және аяқсыз» мүгедек адамның биі бейнетаспасын көрсету.

7. Инклюзив терминін мұғалімдерге түсіндіру.

инклюзив – қамтитын, лат. – қамтымын – барлық балалардың түрлі қажеттіліктеріне бейімдеу тұрғысынан барлығы үшін қол жетімді болуды көздейтін жалпы білімді дамыту үдерісі, бұл білімді ерекше қажет ететін балаларды да білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді

Инклюзивті білім балаларға бағытталған және барлық балалар – оқуда түрлі қажеттіліктері болатын индивидуумдар деп танитын әдістемені дамытуға ұмтылады. Инклюзивті білім оқудағы әртүрлі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін икемді болатын оқыту мен оқу тәсілдерін жасауды көздейді. Инклюзивті білім енгізетін өзгерістердің нәтижесінде оқыту мен оқудың тиімділігі артса, (ерекше қажеттіліктері бар балалар ғана емес барлық балалар ұтады.

8. «Мүгедек балаларға арналған» бейнетаспасын мұғалімдерге көрсету. Инклюзивті білім жүйесін дамыту слайд бетін көрсетіп, түсіндіру.

2015 жылға қарай:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлы құралдармен жарактандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады.

9. "Қауымдастық" ойыны.

Тренингке қатысушы мұғалімдермен шаттық шеңберін құру. Оң қолдың алақанын жұмып, бас бармағын шығарып төмен қаратып, келесі мұғалімнің жазылған сол алақанына қою керек. Ал сол қолдың алақаның келесі мұғалімнің жұмылған алақанының бас бармағының астына қою керек. «1, 2, 3» рет санап, 3 деп айтқанда сол алақанды жұмып қалу керек. Осылай екі рет, екі қолды кезек ауыстыруға байланысты орындалады. Содан кейін барлық мұғалім оң қолдарын қойып, одан кейін сол қолдарын қойып, барлығы бірге жүргізуші тілегін айта отыра аспанға қолдарын көтереді.

10. Қорытынды.

**Баланың сөйлеу тілінің даму кезеңі**  
**(педагогтармен жұмыс)**

2025-2026 оқу жылы

Хромтау қаласы

## Баланың сөйлеу тілінің даму кезеңі

1-3 жас аралығындағы бала тілі нормаланған, жүйеленген әдеби тіл қатарында болмаса да, уәжі мен толық мағынасы бар құрылым екені белгілі.

Бала өмірге келгеннен дыбыстың арасында дамиды. Сол дыбыста... «Бала шыр етіп жерге түскенде дыбыспен бірге туады» деп Ж.Аймауытұлы айтқандай, дыбыспен өмірге келген бала өмірінің барлық кезеңін әртүрлі дыбыстардың арасында өткізеді. Сол дыбыстар арқылы баланың ойы, тілі, өрісі, танымы дами бастайды. Ғалым А.В.Петровский бала өмірінің жеті кезеңін көрсеткен: 1) Туғаннан 1-2 айға дейін – жаңа туған бала; 2) 1-2 айдан 1 жасқа дейін – нәресте; 3) 1-ден 3-ке дейін – ерте сәбилік шақ; 4) 3-тен 7 жасқа дейін – мектепке дейінгі балалық шақ; 5) 7-ден 11-12 жасқа дейін – бастауыш мектеп шағы; 6) 12-ден 14-15 жас аралығы – жеткіншектік кезең; 7) 14,5-17 жас аралығы – балаң жасөспірімдік. Ғалым баланың 1-3 жас аралығын *ерте сәбилік кезең* деп атаса, Ж.Қоянбаев бұл кезеңді *сәбилік шақ* деген. М.Қ.Бапаева «Даму психологиясы» атты еңбегінде «балалық шақтың өзі төртке бөлінетіндігін айтқан: нәрестелік кезең (туғаннан 1 жасқа дейін), ерте балалық шақ кезеңі (1 жастан 3 жасқа дейін), мектепке дейінгі балалық шақ (3 жастан 6 жасқа дейін), бастауыш мектеп жасы (6 жастан 11-12 жасқа дейін)» [1,124]. Ғалымдар жіктемесіне сүйене отырып, осы ғылыми зерттеу жұмысында аталған кезеңдегі баланың сөйлеу тілінің дамуын, оның сөздік қорын, сөйлеу үдерісінде кездесетін қателіктер, дыбыстық ерекшеліктер жайында тұжырымдар мен тілдік деректер көрсетіледі. Бала 1-3 жас аралығында тілі шығып, тілдік қоры молайып, даму үстінде болады. Алғашқы кезде бала айналасындағы жақын адамдарына сұрақ қою арқылы өзіне ақпарат жинайды. Соның негізінде бала тілі дамып, сыртқа шыға бастайды. «Алғашқы кезде сәбидің сөзі үлкендердің сөзіне аздап қана ұқсайтын болады. Мұндай сөзді *дербес (автономиялық) сөз* деп атайды. Тіпті кейде үлкендер пайдаланбайтын сөздерді де қолданады» [2,104] дейді Ж.Қ.Дүйсенова мен Қ.Н.Нығметова. Расымен бала тілі негізінде сөйлеу, есту мүшелеріне, ойлау, түйсіну қабілеттеріне тікелей байланысты. Артикуляциялық мүшелері сөйлеу үдерісіне дайын болуына дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Сол себепті бала бірден естіген сөзін қайталай алмайды. Мысалы: баланың сәбилік кезеңнің алғашқы кезінде «*тамақ*» сөзін «*намақ*» деп «*т*» дауыссыз дыбыстың орнына «*н*» дыбысын қойып немесе «*алма*» сөзін «*ама*» деп қысқартып айтуы қателік болып саналмайды. Дегенмен, баланың психологиялық және физиологиялық даму қарқынына да назар аудару керек. Себебі көбіне ата-әжесімен коммуникацияға түсетін балалардың тілі тез дамиды, ал балабақшадағы өзі сияқты тілі енді шығып келе жатқан балалардың арасында жүрген сәбилердің тілі баяу шыға бастайды. Баланың ойлау қабілетін дамыту арқылы танымы кеңейе түседі. Таным деңгейі жоғары баланың тілі тез дамиды. «Баланың танымы дамыса, онда тілі де дамиды» [3,48] дейді ғалым С.Н.Цейтлин.

Бала үлкеннің сөзін қайталап айта бастаған кезінде көбіне фонетикалық қателіктерді жасайды. Сәби «сабын» сөзін «шабын» деп немесе «шар» сөзін «сар» деуі мүмкін. Баланың тіліндегі ауысып отыратын дыбыстар өте көп кездесіп жатады: «р» мен «л» (*радио* – *ладио*), «р» мен «и» (*Айбатыр* – *Айбатыи*), «ж» мен «д» (*жоқ* – *доқ*), «т» мен «н» (*тамақ* – *намақ*), «б» мен «п» (*банан* – *панан*), «в» мен «б» (*автобус* – *абтобус*) және т.б. Бұл қателіктердің негізінде артикуляция мәселесі жатыр.

Бала 1-3 жас аралығында әрбір естіген сөзін түйсініп, сыртқа шығарады. Яғни, бала белгілі бір негіздемеге сүйене отырып, сөзін ой жүйесінен шығарады. А.Леонтьевтің пікірінше, бала сөйлегенде алдын ала оны ой жиегінен өткізеді, сол ой дыбыс не сөз болып үдеріске айналады [4,165]. Мысалы: 2 жасар Бекболат есімді бала допты «теп-теп» деп атайды. Баланың допты «теп-теп» деп атауына «тебу» сөзі түрткі болып тұр. Бір жағынан бала қандай бір грамматикалық заңдылыққа немесе лексикалық уәжге сүйеніп айтып тұрған жоқ, себебі оның жасы небәрі екіде. Бірақ бала допты тебетінін түсініп тұр. К.И.Чукотский «Ересектерде барлығы сатылымға дайын көйлектері бар дүкен сияқты. Ал балаларда енді өнделіп, тігіліп жатқан шеберхана секілді» деген. Әрбір бала көптеген жаңа сөздерді, қолданыста бар сөздердің жаңа формасын құрастырып жатады. Әрине, ондай мысалдар күнделікті тұрмыста өте көп кездеседі. Бұндай құрылымды сөздердің негізінде уәж жатыр. Ж.Аймауытовтың «Психология» атты еңбегінде осы мәселе жайында айтылған. «Жүре-жүре бала ішкі тілегін сыртқа шығару үшін дыбысқа еліктейді. *Сиырды «мө-ө», қойды – «ма», мысықты – «мияу», итті – «ау-ау»* дейтін болады» дейді ғалым [5,171]. Бұл тұста уәж мәселесіне тоқталмау мүмкін емес. *Уәждеме* - тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың бір белгісінің көрінісі екені белгілі. Демек, бала естігенін дәл сол күйінде шығарады. Мысықтың мияулайтыны, сиырдың мөңірейтіні, қойдың маңырайтыны - бәріне белгілі әрекет. Бала құлағымен естігенін дыбыс не сөз күйінде сөйлеу әрекетінде қолданады.

1-3 жас аралығында бала тілінде кездесетін көптеген жаңа атаулар бар: *доп – теп-теп (1,5 жас), шалбар – бұттық (3 жас), футбол – гол (2 жас), телефон – але (1,5 жас), теледидар – мутик (2 жас), мысық – нау (мияу) (1,5 жас), көкірек – тісте (3 жас), су – шай (1,5 жас), тамақ – ням-ням (1,5 жас), нан – ням-ням (1,5 жас)*. Келтірілген тілдік деректерге қарап, баланың қалыптастырған жаңа атауларының негіздемесі бар екендігіне көз жеткізуге болады. Әрбір ересек адам допты тебетінін, судың шай сияқты сұйықтық екендігін, мультфильмді теледидардан көретінін, мысықтың мияулайтынын, гол деген футбол ойының термині екендігін, телефонға келген қоңырауға алло деп жауап беретіндігін, шалбарды бұтқа (диалект сөз) киетіндігін біледі. Демек, бала уәжі бар, мағынасы мен қызметі сақталған, бірақ нормадан ауытқыған сөздерді қалыптастырады.